

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ

«БАЛАУСА» БӨБЕКЖАЙЫ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЯСЛИ – САД «БАЛАУСА»

ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА КАРАГАНДЫ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

10.07.2023 № 54

ПРИКАЗ

№ _____

Нұсқама өткізуді ұйымдастыру туралы

«Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 346 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бөбекжай қызметкерлеріне еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқаманы өткізудің келесі тәртібі белгіленсін:

1.1. Жұмысқа қабылданатын барлық адамдар үшін кіріспе нұсқама өткізілсін.

1.2. Кіріспе нұсқаманы өткізу жөніндегі міндеттер директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары М.Б. Абилдаеваға жүктелсін.;

2. Бөбекжай қызметкерлеріне жұмыс орнында нұсқама өткізудің келесі тәртібі белгіленсін:

2.1. Жұмысқа жаңадан қабылданатындардың барлығымен, сондай-ақ олар үшін жаңа жұмыс орындайтын қызметкерлермен жұмыс орнында өндірістік қызмет басталғанға дейін алғашқы нұсқама өткізілсін.

2.2. Жұмыс орнында алғашқы нұсқаманы өткізу жөніндегі міндеттер қызметкерлердің тікелей басшыларына жүктелсін:

- педагогтар үшін – әдіскер М.Б.Адилбаеваға;
- техникалық қызметкерлер үшін – Сатиев Е.М.;

2.3. Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқама жұмысты жүргізудің қауіпсіз тәсілдері мен әдістерін көрсете отырып, әрбір қызметкермен тікелей жұмыс орындарында жеке-жеке жүргізіледі.

2.4. Жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша қайталама нұсқама 6 айда кемінде 1 рет алғашқы нұсқама бағдарламасы көлемінде өткізілсін.

3. Директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары Н.С. Нурмагамбетова жұмыс орнындағы жүргізілген кіріспе нұсқаманы белгіленген нысан бойынша нұсқама беруді тіркеу журналына нұсқама беруші мен нұсқама алушының қолдарын міндетті түрде қойғыза отырып, тіркесін

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау методист Абилдаева М.Б. жүктелсін.



Директор

Бұйрықпен таныстырылды:

Сатиев Е.М.

Абилдаева М.Б.

З. Казтаева